

Құрметті қонақтар! Бүгінгі біздің 25-қазан Республика күніне арналған «**Мен отанның бақытты ұлымын!**» қысқаша тәрбие сағатын тамашалаңыздар.

«**Мен отанның бақытты ұлымын!**» «**Адель**» балабақша ұжымы және «**Айгөлек**» МАД тобының бүлдіршіндері . Баршаңызды 25- қазан Республика күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Баршаңызға отбасылық бақыт, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге жеміс, мерекелік шат көңіл тілейміз.

Ақжайық, Алтай арасы

Қазақтың шалқар даласы

Республикама қарашы

Жерімнің дәні маржандай

Қырманы асқар таулардай

Республикама қарашы!

Шолсаңда биік аспаннан

Қарқырар кені тастардан

Республикама қарашы!

Шырқаған сайын тірегі

Республикама қарашы!

Балалар Әнұранды хормен айтады.

Абылай: Әнұраным, жан ұраным

Айтар әнім сөйлер сөзім

Туған жерім сағынарым

Мәңгі бақи шырқалады

Республикам, Әнұраным.

Камила: Елтаңбасы елімнің

Неткен көркем әдемі

Тұнығындай көңілдің

Ортада аспан әлемі.

Саян: Жарасқан байрақтың мәні бар

Көк аспан, көк қыран сәні бар

Көк байрақ ашық көк кеңісін

Алтын күн – белгісі жеңістің.

Тәрбиеші: Балалар, сендер сүйікті Отанымыздың қасиетті белгілерін
Балалар біледі екенсіңдер. Отан дегеніміз не?

: Отан дегеніміз біздің әке – шешеміз, туған туыстарымыз, ауыл
қалаларымыз, өзіміз туып өскен жеріміз.

Төре: Отан сенің ата – анаң

Отан досың бауырың

Отан өлкең астанаң

Отан аудан ауылың.

Нұрикамал: Отан – атам, Отан – әкем

Осы сөзім қате ме екен

Қате болса неге біздер

Дейміз оны атамекен.

Тәрбиеші: Балалар, халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы
айтқан екен: « Отан үшін отқа түс, күймейсің » - деп.

Бізде осы ата – апаларымыз сияқты Отанымызды қорғауымыз керек.

- Сендердің еңбектерің сендердің жақсы оқығандарың , тәртіпті бала
болғандарың.

Балаларды үш топқа бөліп топтық жұмыс жасату.